

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі N 86 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 10 сәуірде N 10-6-206 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 17 қаңтардағы N 1/4-9/123 хатымен

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімі аппаратының 2013.01.17 N 1/4-9/123 хатымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 1 тармағы 8) тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы N 274 Жарлығына сәйкес, Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалағаш ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және

қ а м т а м а с ы з **е т і л с і н .**

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің **2012.05.10** N **164** қаулысымен.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының 1-қосымшасына **с ә й к е с** **қ ұ р ы л с ы н .**

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы

3. Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (Х. Кәметов, келісім бойынша):

1) әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыруды ұйымдастыру және өткізу үшін білікті дәрігер-мамандар бөлуге ықпал ету;

2) медициналық комиссияны қажетті дәрі-дәрмектермен, керек-жарақтармен және медициналық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Ішкі істер департаментінің Жалағаш ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Б. Абжапбаров, келісім бойынша) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырушылардың әскери бөлімдерге жөнелтуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Қ. Мұстафаеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

С. Сермағамбетов

" К е л і с і л д і "

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті Жалағаш ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
Абжапбаров Бағдат Әбшекенұлы

"2" сәуір 2012 жыл

" К е л і с і л д і "

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері
Кәметов Ханзулла Садуақасұлы

"2" сәуір 2012 жыл

" К е л і с і л д і "
**"Қызылорда облысы Жалағаш ауданының
 Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі"**
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Айтжанов Манас Айтжанұлы

"2" сәуір 2012 жыл

2012 жылғы "2" сәуірдегі N 86
 Жалағаш ауданы әкімдігінің
 қаулысына 1-қосымша

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы
 әкімдігінің 2012.11.23 N 397 қаулысымен.**

Комиссия төрағасы	-	Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары;
Комиссия төрағасының орынбасары	-	"Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша);
комиссия мүшелері:		
Комиссия мүшесі	-	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті Жалағаш ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия мүшесі медициналық комиссиясының төрағасы	-	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігерінің орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия хатшысы	-	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мейірбикесі (келісім бойынша).

2012 жылғы "2" сәуірдегі N 86
 Жалағаш ауданы әкімдігінің
 қаулысына 2-қосымша

**Азаматтарды сәуір-маусымында және қазан желтоқсанында мерзімді
 әскери қызметке шақыруды өткізу
 КЕСТЕСІ**

N	Кент және ауылдық округтердің атаулары	Сәуір						
		өткізу күндері						
		12	13	16	17	18	19	20
1.	Жалағаш кенті							

2.	Ақсу ауылдық округі												
3.	М.Шаменов атындағы ауылдық округі												
4.	Қаракеткен ауылдық округі												
5.	Бұқарбай батыр ауылдық округі												
6.	Таң ауылдық округі												
7.	Аққұм ауылдық округі												
8.	Еңбек ауылдық округі												
9.	Аламесек ауылдық округі												
10.	Жанадария ауылдық округі												
11.	Мырзабай ахун ауылдық округі												
12.	Мәдениет ауылдық округі												
13.	Мақпалкөл ауылдық округі												
14.	Жаңаталап ауылдық округі												
15.	Аққыр ауылдық округі												

N	Кент және ауылдық округтердің атаулары	Қазан												
		өткізу күндері												
		1	2	3	4	5	8	9	10	11	12	15	16	
1.	Жалағаш кенті													
2.	Ақсу ауылдық округі													
3.	М.Шаменов атындағы ауылдық округі													
4.	Қаракеткен ауылдық округі													
5.	Бұқарбай батыр ауылдық округі													
6.	Таң ауылдық округі													
7.	Аққұм ауылдық округі													
8.	Еңбек ауылдық округі													
9.	Аламесек ауылдық округі													
10.	Жанадария ауылдық округі													
11.	Мырзабай ахун ауылдық округі													
12.	Мәдениет ауылдық округі													
13.	Мақпалкөл ауылдық округі													
14.	Жаңаталап ауылдық округі													
15.	Аққыр ауылдық округі													